

СЕПТІК ЖАЛҒАУЫНЫҢ СЫРЫ

Септік жалғауы – көптік жалғауы сияқты сөзбен сөздің арасын байланыстырып, оларды өзара қарым-қатынасқа түсіреді. Септік жалғаулары арқылы есімдер сөйлемдегі етістіктермен де, шылаулармен де, олардан басқа сөздермен де, тіпті өзді-өзі де қарым-қатынасқа түседі. Мысалы, Олар қалаға келді. Сөздердің жалғауларды қабылдап, өзгеру жүйесі септеу немесе сөздердің септелуі деп аталады. Әрбір септіктегі сөз белгілі бір сұрақтарға жауап береді. Сұраққа сәйкес әр септіктің арнаулы қосымшалары болады, олар септік жалғаулары деп аталады. Септік жалғаулары әр сөзге буын және дыбыс үндестігіне байланысты әртүрлі нұсқада жалғанады.

Қазақ тілінде септелудің екі түрі бар: 1. Жай септелу – сөздердің түбір күйінде септелуі. Мысалы, үй, үй-дің, үй-ге, үй-ді, үй-де, үй-ден, үй-мен. Тәуелді септелу – сөздердің тәуелденіп барып септелуі. Мысалы, үй-ім, үй-ім-нің, үй-ім-е, үй-ім-ді, үй-ім-де, үй-ім-нен, үй-ім-мен. Септік жалғауы дегендегі септік деген термин сеп (жәрдем, көмек, дәнекер) деген ұғымды білдіреді. Осы сөзден туған септеу деген сөз екі түрлі мағынада жұмсалады: бірі – екі нәрсені жалғау, ұластыру; екіншісі – сөздердің септік жалғауларын қабылдап өзгеру жүйесі. Қазақ тілінде мынадай септіктер бар:

СЕПТІКТЕР

Атау септік
Ілік септік
Барыс септік
Табыс септік
Жатыс септік
Шығыс септік
Көмектес септік

СҰРАҚТАРЫ

Кім? Не?
Кімнің? Ненің?
Кімге? Неге?
Кімді? Нені?
Кімде? Неде? Қайда?
Кімнен? Неден? Қайдан?
Кіммен? Немен?

ЖАЛҒАУЛАРЫ

жалғауы жоқ
-ның/нің, -дың/дің, -тың/тің
-ға/ге, -қа/ке, -на/не, -а/е
-ны/ні, -ды/ді, -ты/ті, -н
-да/де, -та/те, -нда/нде
-нан/нен, -дан/ден, -тан/тен
-мен, -бен, -пен, -менен,
-пенен, бенен

Септеудің екі түрі бар: 1) **жай септеу**; 2) **тәуелді септеу**.

1) **Жай септеу** – септік жалғауының түбір сөзге **бірден** жалғануы.

Жай септеу үлгісі:

Атау септік – кім? не? Туыс, әже, тіл
Ілік септік – кімнің? ненің? Туыстың, әженің, тілдің
Барыс септік – кімге? неге? Туысқа, әжеге, тілге
Табыс септік – кімді? нені? Туысты, әжені, тілді
Жатыс септік – кімде? неде? Туыста, әжеде, тілде
Шығыс септік – кімнен? неден? Туыстан, әжеден, тілден
Көмектес септік – кіммен? немен? Туыспен, әжемен, тілмен

2) Тәуелді септеу – септік жалғауының тәуелденген сөзге жалғануы.

Тәуелді септеу үлгісі:

Атау – Кімім? Кімі? Нем? Туысым, әжесі, гүлім
Ілік – Кімімнің? Кімінің? Немнің? Туысымның, әжесінің, гүлімнің
Барыс – Кіміме? Кіміне? Неме? Туысыма, әжесіне, гүліме
Табыс – Кімімді? Кімін? Немді? Туысымды, әжесін, гүлімді,
Жатыс – Кімімде? Кімінде? Немде? Туысымда, әжесінде, гүлімде
Шығыс – Кімімнен? Кімінен? Немнен? Туысымнан, әжесінен, гүлімнен
Көмектес – Кіміммен? Кімімен? Неммен? Туысыммен, гүліммен, әжесімен

Пірімбетов Тұрмаханбет Төлешұлы ағаның үйреткен септік жалғаулары мен сұрақтарын есте оңай сақтау жолдарын атап өтейін. Бұл тәсіл мектеп оқушыларына керек дүниелердің бірі.

Бірінші, септіктің ретін анықтап аламыз. «Апа, ірімшік берші, тез жеп, шығып кетейін». Берілген әрбір сөздің басқы әріптерін септік атауларымен ұқсастырамыз. Осы сөйлем тілге жеңіл әрі тез жатталады.

1. Апа. Атау. с
2. Ірімшік. Ілік. с
3. Берші. Барыс. с
4. Тез. Табыс. с
5. Жеп. Жатыс. с
6. Шығып. Шығыс. с
7. Кетейін. Көмектес. с

Екінші, септік атауларын түсінген соң сұрақтар мен жалғаулары оңай табылады.

Атау с: Іс-әрекеттің иесінің **атауын** білдіреді.

Ілік с: Заттың кімнің меншігі, неге тәуелді, тән екенін білдіреді.

Барыс с: Іс-әрекеттің қимылдың бағытын (**бару**) білдіреді.

Табыс с: Іс-қимылдың нысанын (**табу**) білдіреді.

Жатыс с: Қимыл әрекеттің жүзеге асырылу орнын (**жату**) білдіреді.

Шығыс септік с: Іс-қимыл әрекеттің (**шығу**) тегін білдіреді.

Көмектес септік с: Іс-қимылдың амалын, **көмектесу** арқылы бірлескен әрекетін білдіреді.

1. Атау септік, кім, не? «Атау» сөзінен шығып тұр. Жібек, домбыра (жалғауы жоқ)

Ілік септік. «Ілу» сөзінен шығып тұр. Баланың киімін ілу керек. Кімнің киімін ілу керек?

Баланың, зергердің.

Барыс септігі «Бару» сөзінен шығып тұр, кімге? неге? қайда? Қайда бару керек? Гүлімге, Түркістанға.

Табыс септігі «Табу» сөзінен шығып тұр. Нені табу керек? Қобызды табу керек.

Жатыс септігі «Жату» сөзінен шығып тұр. Қимыл-әрекеттің жүзеге асырылу орнын (**жату, жатыр**) білдіреді. Неде, қайда жатыр? Шаңқобыз үстелдің үстінде жатыр.

Шығыс септік «Шық» сөзінен шығып тұр. Іс- қимыл әрекеттің (**шығу**) тегін білдіреді. Қайдан шықты? Киіз үйден шықты.

Көмектес септік «Көмектесу» сөзінен шығып тұр. Іс-қимыл әрекеттің **көмектесуін** білдіреді. Кіммен көмектесті? Немен көмектесті? Әпкеммен көмектесті. Қаламмен жазды.

Пірімбетов Тұрмаханбет Төлешұлы ағамның пікірі бойынша, қазақ тілінде бір негізден 20-30 сөз жасалуы - үйреншікті құбылыс. Ал, бір «бас» сөзінің 140, «жел» сөзінен 90-нан астам туынды сөздер жасалатыны дәлелденіп отыр. Оған қоса қазақ тілі (жалғамалы) агглюнативті тіл. Яғни, қазақ тіліндегі сөз тудырушы, сөз түрлендіруші, синонимдермен қатар қосымшалар жалғау арқылы бір сөзді жүз құбылтуға болады екен. Осыдан-ақ қазақ тілінің ауқымы кең әрі бай тіл екенін дәлелдеп тұрғандай.

Ағамыздың салып кеткен сара жолын әр оқушының санасына сіңіріп, жүрегіне жеткізу тіл мамандарының парызы деп ойлаймын. Бір құлақтан кіріп, бір құлақтан шығып кетпей, айтылған сөз жүрекке жетіп, іспен дәлелденіп жатса, нұр үстіне нұр болар еді. Бүгін ағамыздың өшпес мұрасы қазақ тіл білімінде алтын әріппен жазылғандай, мәңгілік мөрі салынғандай күй кештім.

Пайдаланылғын әдебиеттер:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі. 1991.
2. Қазақ грамматикасы. – Астана: Елорда. 2002.
3. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым. 1989.

Темірқан Замира, «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ
Алпысбаева Айман, «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ,

Тілдерді дамыту орталығының профессор ассистенті, п.ғ.м.

jarasai160515@mail.ru

СӨЙЛЕУДЕГІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ӘДЕБИ

Тіл – қарым-қатынас құралы. Қарым-қатынас екі немесе одан да көп адам қатысатын үрдіс. Қарым-қатынас тілсіз жүзеге аспайды. Қарым-қатынасқа түсу барысында сөйлеушілер өз ойын білдіреді, бұл тілдің көмегімен жүзеге асады. Тіл мәдениетінің өзектілігі әрқашан ескеріліп, қай халық болса да бұл мәселені айналып өткен емес. «Өнер алды – қызыл тіл» деп қазақ халқы да сөйлеу шеберлігіне үлкен мән берген. Сондықтан тіл – адамның ой-өрісін, мәдени дәрежесін, ақыл-парасатын, рухани байлығын көрсететін айна.

Тіл – қоғам өмірінің объективті құбылысы, ол бүкіл халық үшін бірдей және адамдар білген құбылыстардың алуан түрін түгел қамтиды. Қазіргі кезеңдегі басты талаптардың бірі – өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін мәдениетті жеке тұлға қалыптастыру. Жастарымыздың жеке тұлға болып дамуы мен алған білімін іске асыруда сөйлеу тілін, әрекетін, тіл мәдениетін, әдебін қалыптастыру қазіргі уақытта педагогикада да өзекті мәселе болып саналады.

Жалпы тілді халықтың жан дүниесімен, ой-санасымен, тарихы мен мәдениетімен тығыз байланыста қарау И.Гердер, Г.Пауль, В.Вундт, Г.Штейнталь, Э.Сепир, Б.Уорф, т.б. ғалымдардың есімімен байланыстырылады. Қазақ ғалымдары: А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Балақаев, Н.Уәлиев, Р.Сыздықова, Ә.Болғанбаев, Р.Әміров, Қ.Жұбанов т.б. өз еңбектерінде «тіл» ұғымының сан қырлы жағына тоқталады.

Мәдениет туралы түсінікке әр ғалым әр түрлі анықтама береді. Ал «Мәдениет» деген түсінікке тілші-ғалым М.Балақаев: «Мәдениет, оқу-ағарту, ғылым, өнер т.б. – рухани өмір табыстарының жиынтығы», – дейді [1; 10]. Мәдениеттің өзі екіге бөлінеді: материалдық